

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж



«БЕКІТЕМІН»  
Колледж директоры  
Е.Жанділдин  
«01» қыркүйек 2020 ж.

Оқытушылар рейтингісі туралы  
ЕРЕЖЕ

Петропавл қ. – 2020 ж.

Осы Ереже ҚР "Білім туралы" Жарғысы негізінде КМҚК «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» уставына сәйкес жасалды.

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Әріптестері мен колледж әкімшілігі ұсынған акт бойынша нақты оқытушының мамандық даярлаудағы өнімді және сапалы жұмысы рейтингті анықтаудың негізгі механизмі.

1.2. Рейтингтің негізі тиімділігін мынадай шарттар жиынтығы құрайды:

- оқытушы қызметінің барлық түрлерін қамтуы;
- оқытушылар өздерінің лауазымдық міндеттерін қамтамасыз ету және тиімді орындауы;
- жұмыс сапасын бағалауда объективтілік таныту;
- колледждің әртүрлі даму кезеңдерінде нақты өзгерістер енгізу, көрсеткіштер мен критерияларды өзгерту арқылы жаңа басымдылықтар бекіту, оқытушының әртүрлі қызметін сандық бағалау;
- ТЖКБ жүйесінің мақсаты мен орта кәсіптік білім беру стандарттарының критерияларына сәйкес;
- басшылары мен оқытушыларының қабылдаған бағалау критерияларының түсініктілігі, қол жетімділігі;
- қызметкерлерді моральды және материалды ынталандыру үшін негіздеме алу;
- өнімділігі педагогикалық жұмыс өнімділігі мен біліктілік деңгейін арттыруға оқытушылардың жеке қызығушылығын, мотивациясын арттыру;
- колледж қызметкерлерінің қызметін жақсарту жолдарын анықтау, кемшіліктерді жою үшін түзету іс-шараларын әзірлеу;

2. Рейтинг өткізудің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Рейтинг мақсаты:

- колледж имиджін жоғарылатуға бағытталған оқытушылардың барлық кәсіби және қоғамға маңызды мәні бар қызметін белсендіру және ынталандыру;
- колледж ұсынатын білім беру сапасын арттыру, тұтынушылардың қанағаттануының өсуі.

2.2. Рейтингтің негізгі міндеттері:

- колледж бөлімшелерінің құрылымдары мен оқытушылар қызметінің ішкі аудит тиімділігінің жүйесін құру.
- колледжді және колледж бөлімшелері (бөлім, ЦӘК), жекелеген оқытушылардың қызмет динамикасын жан-жақты көрсететін ақпараттық деректер базасын құру;
- оқытушылардың моральды және материалды ынталандыру, біліктілігін, кәсібилігін, педагогикалық жұмыс өнімділігін, оқытушылардың шығармашылық бастамаларын дамыту.

2.3. Рейтингті қолдану мүмкіндік береді:

- колледж қызметі нәтижесінде әрбір қызметкердің қосқан үлесін айқындау;

### **3. Оқытушылар қызметіндегі рейтингтік бағалау технологиясы**

3.1. Рейтингке технологиялық талаптар:

- жыл сайынғы педагогикалық кеңес отырысында рейтинг критериялары және олардың мәнін бекіту, оны ұжымға жеткізу;

- әрбір қызметкер қызметін сипаттайтын критериялардың оңтайлы санын пайдалану, олардың объективтілігі мен өлшемі;
  - компьютерлік деректер базасын құруға мүмкіндік беретін әдістемелерді және аталған рейтингтерді жинақтау мен жариялау үшін колледждің локальды желісін пайдалану;
  - ұйымға рейтинг комиссиясын құру және рейтинг нәтижесін қорытындылау;
- 3.2. Оқытушы рейтингісі оның біліктілік деңгейін, жылдық педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, ғылыми және қоғамдық белсенділігін қарастырады.
- 3.3. Оқытушылар рейтингісін анықтау үшін критериялары мен оның мәні көрсетілген арнайы кесте толтырылады.
- 3.3.1. Бағалау критериясы – қызметкер қызметін бағалау; жұмыс сипаттамасы, жұмыс тәртібі, кәсіптіліктің қажетті және қалайтын стандарты.
- 3.3.2. Барлық критериялар қатаң талапты және түсінік хат пен мысалдарда көрсетіледі.
- 3.4. Рейтинг қорытындысын шығару
- 3.4.1 Оқытушалардың алдын-ала рейтингісі ағымдық оқу жылында анықталады (наурыздан кеш емес)
- 3.4.2 Рейтингтің екінші кезең нәтижесі оқытушылардың ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмысын есепке алып, оқу жылының соңында қорытындыланады (31 мамыр)
- 3.4.3 Барлық біліктілік категориясы бойынша 30 % жинағандардың рейтинг тізімі ақпараттық сайттарда жарияланады.
- 3.4.4. ЦӘК төрайымдары және бөлім меңгерушілері өз оқытушылары туралы барлық біліктілік категориясының төменгі, орта және жоғарғы мәні көрсетілген мәлімет алады.
- 3.4.5. Колледж оқытушылары мынадай ақпарат алады:
- жинаған ұпайлары туралы;
  - колледж бойынша өзінің жеке рейтингісін (өзінің біліктілік категориясы бойынша).
- 3.4.6. Рейтинг комиссия мүшелері, бөлім меңгерушілері, ЦӘК төрайымдары алынған ақпаратты құпия сақтаулары тиіс.